Жеке сот орындаушыларының Республикалық палатасының Шымкент қаласындағы филиалы – Шымкент қаласы Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы

160013, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., Бәйдібек Би даңғылы № 20, ұ.т.: 8702 315 5231.

Филиал Республиканской пал частных судебных исполните г.Шымкент – Региональная па частных судебных г.Шымке

160013, Республика Казахстан, г.Шымке Проспект Байдибек Би №20, тел.: 8702 3

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ ӨҢІРЛІК ПАЛАТАСЫ Шымкент қаласының атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы АХМЕТОВА МАРИЯ ОРАЗАЛЫЕВНА Шығыс № 6х7 «14» 03 2026 ж.

Бакирова Шолпан Арысбаевн
ЖСН 6206194020
Шымкент қаласы, Шапағат м.а.№

Сейтанов Сайлаубай Турсынови
ЖСН701213301233
Шымкент қаласы, Нурсат м.а. уч.3
Шымкент қаласы, Асар м.а. уч.6

Шымкент қаласы атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы Ахметова Мари Оразалыевна, ЖСН 810518402632, 08.02.2019 жылы берілген №5216 мемлекеттік лицензи негізінде әрекет ететін, мекенжайы: Шымкент қаласы, Бәйдібек Би даңғылы №2 10.04.2025 жылғы №377/25-79-5216 санды атқарушылық іс жүргізу бойынша Сізг борышкер Сейтанов Сайлаубай Тұрсыновичке тиесілі, тыйым салынған жылжымайты мүлік объектілеріне бағалау жүргізу міндетін жүктеу туралы жеке сот орындаушысынь 14.07.2026 жылғы «Борышкердің мүлкін бағалауды жүргізуді тапсыру туралы» қаулысь орындау үшін жолдайды.

Тіркеледі: 14.07.2026 жылғы Борышкердің мүлкін бағалауды жүргізуді тапсы туралы қаулысы.

Шымкент қаласы атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы **Ахметова М.О.**

Борышкердің мүлкін бағалауды жүргізуді тапсыру туралы
ҚАУЛЫ

14.07.2026 жыл Шымкент қ.

Шымкент қаласы атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы Ахметова Мария Оразалыевна, ЖСН /810518402632/, 08.02.2019 жылы берілген №5216 мемлекеттік лицензия негізінде әрекет ететін, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Бәйдібек Би даңғылы №20, 10 сәуір 2025 жылғы №377/25-79-5216 санды атқарушылық іс жүргізу материалдарын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Алматы қаласы, Әуезов ауданының №2 аудандық сотының 2020 жылғы 23 қарашадағы №7540-20-00-2/914-1 атқару парағы негізінде борышкер Сейтанов Сайлаубай Тұрсыновичтен өндіріп алушы Бакиров Байтанатар Шәкенұлының пайдасына 18 558 450 (он сегіз миллион бес жүз елу сегіз мың төрт жүз елу) теңге қарыз ақшаны өндіру туралы атқарушылық құжат жеке сот орындаушысының өндірісіне келіп түскен.

Өндіріп алушы Бакиров Байтанатар Шәкенұлының 2025 жылғы 21 қарашада қайтыс болуына байланысты, 2026 жылғы 13 шілдеде Алматы қаласы Әуезов аудандық сотының 2026 жылғы 31 наурыздағы №7540-26-00-2м/2866 ұйғарымы негізінде өндіріп алушы ретінде оның мұрагері Бакирова Шолпан Арысбаевна ауыстырылды.

Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының (бұдан әрі-Заң) 37-бабына сәйкес, сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді қозғаған сәттен бастап осы Заңда көзделген атқарушылық құжаттарды орындауды қамтамасыз ету шараларын бір мезгілде қабылдайды.

Атқарушылық құжатты орындауды қамтамасыз ету мақсатында сот орындаушысы борышкерге аталған атқарушылық құжаттың талаптарын орындау туралы хабарлама жібереді, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (АІЖО ААЖ) сұранымы арқылы борышкердің атында жылжымалы және жылжымайтын мүліктің бар жоғы туралы сұранымдар алынды.

Сонымен қатар, сот орындаушысы екінші деңгейлі банктерден мәліметтерді сұрату туралы қаулы шығарып, бір мезгілде банктік шоттарға, жылжымалы және жылжымайтын мүлікке тыйым салу шараларын қолданады.

АІЖО ААЖ-нің деректеріне сәйкес, борышкер Сейтанов Сайлаубай Турсыновичтің ЖСН701213301233 меншік құқығында:

1) Шымкент қаласы, Нұрсат шағын ауданы, №329 учаскесінде орналасқан, сауда үйінің құрылысын салуға арналған, көлемі 0,0400 га, кадастрлық нөмірі 19:309:001:329 жер учаскесі;

2) Шымкент қаласы, Абай ауданы, Асар-2 шағынауданында орналасқан айналмалы трасса, жеке тұрғын үйлер мен сауда орталығын салуға арналған, көлемі 0,4159 га, кадастрлық нөмірі 19:309:202:626 жер учаскесі бар. Аталған мүліктерге жеке сот орындаушысының қаулысы бойынша тыйым салынған.

Заңның 68-бабының 1-тармағына сәйкес, сот орындаушысы мүлікке тыйым салған және оның борышкерге тиесілі екені анықталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бағалаушыны тағайындау туралы қаулы шығарады. Бұл мынадай жолдармен жүзеге асады: бағалаушыны сот орындаушысының өзі тағайындауы; бағалаушы атқарушылық іс жүргізуге қатысушы тараптың ұсынысы бойынша тағайындауы немесе мүлікті бағалауды жүргізуді тараптардың біріне жүктеу. Тыйым салынған мүлікті бағалау қызметінің ақысын

атқарушылық іс жүргізуге қатысушы тараптар төлейді және бұл сома кейіннен борышкер есебінен өтеледі.

24-баптың 1-тармағына сәйкес, атқарушылық іс-әрекеттерді жүргізу барысында арнайы білімді қажет ететін мәселелерді түсіндіру, сондай-ақ тыйым салынған мүлікті бағалау, сату, тасымалдау және сақтау үшін сот орындаушысы тараптардың өтініші бойынша немесе өз бастамасымен қаулы арқылы тиісті маманды тағайындай алады.

Атқарушылық іс жүргізу материалдарын қарап, тыйым салынған мүлікті бағалауды тараптардың біріне жүктеу қажет деп есептеймін.

Осыған байланысты, жоғарыда баяндалғандардың негізінде және Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 10-бабының 1-тармағын, 24, 68 және 126-баптарын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІМ:

1. Борышкер (ЖСН 701213301233) Сейтанов Сайлаубай Тұрсыновичке тиесілі, тыйым салынған жоғарыда көрсетілген жылжымайтын мүлік объектілерін бағалауды жүргізу өндіріп алушы (ЖСН 620619402087) Бакирова Шолпан Арысбаевнаға жүктелсін.
2. Борышкердің тыйым салынған мүлкін бағалау қызметінің ақысы атқарушылық іс жүргізуге қатысушы тараптардың мойнына жүктеледі және кейіннен борышкердің есебінен өтеледі.
3. Қабылданған шешім туралы атқарушылық іс жүргізуге қатысушы тараптарға хабарлансын.
4. Сот орындаушысының қаулысына мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен сотқа он жұмыс күні ішінде шағым келтіруге құқылы.

Шымкент қаласы атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы м.о. **Ахметова М.О.**